

Жекелеген азаматтардың санаттарына берілетін әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 24 ақпандағы № 55 қаулысы. Қостанай облысы Ұзынкөл ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 17 наурызда № 9-19-150 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 20 маусымдағы № 168 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 20.06.2011 № 168 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 1-тармағына, "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңына, Ұзынкөл ауданы мәслихатының 2010 жылғы 22 желтоқсандағы № 325 "2011-2013 жылдарға арналған аудандық бюджеті туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 9-19-143 тіркелген) шешімімен "Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек" бюджет бағдарламасын іске асыру мақсатында, Ұзынкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудандық бюджеттен әлеуметтік көмек түрінде әлеуметтік төлемдер белгіленсін:

1) Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне тұрмыстық қажеттіліктеріне белгіленген айлық есептік көрсеткіштің үш жарым көлемінде ай сайынғы әлеуметтік көмек;

2) қайтыс болған жұмыссыздарды жерлеу үшін қайтқан адамның отбасы мүшелеріне, қайтқан күні бірге тұрған немесе жерлеуді жүзеге асырған тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің он есе көлемінде біржолғы әлеуметтік көмек төленеді;

3) қайтыс болған кәмелетке толмаған балаларды жерлеу үшін айлық есептік көрсеткіштің он есе көлемінде егер ата-ананың біреуі немесе заңды өкіл жұмыспен қамту мәселелері бойынша өкілетті органда қайтыс болған күні тіркелген болса біржолғы әлеуметтік көмек төленеді;

4) мәжбүрлеп емдеу аяқталғаннан кейін туберкулезге қарсы мамандандырылған медициналық ұйымнан шығарылған, туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын науқастарға тиісті жылға республикалық бюджет туралы

заңымен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бес есе көлемінде біржолғы
ә л е у м е т т і к к ө м е к ;

5) білім ұйымдарында оқуға мемлекеттік білім беру гранттардың иелері және (немесе) төлеуге бағытталған мемлекеттік бюджеттен басқа төлемдердің алушылары болатын тұлғалардан басқа, орта немесе жоғары білімнен кейін алуына байланысты, шығындарды өтеу үшін, өмір сүру деңгейінен төмен шығынмен отбасылырынан, халықтың әлеуметтік қорғалатын қабатына жататын жастарға әлеуметтік көмек. Көмек жылдық оқу бағасы мөлшерінде көрсетіледі;

6) Жеңіс күніне Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне жеңілдік және кепілдік бойынша оларға теңестірілгендерге үш мың теңге соммасындағы біржолғы әлеуметтік көмек.

2. "Ұзынкөл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу бойынша уәкілетті орган болып анықталсын (әрі қарай – уәкілетті орган).

3. Осы қаулының 1 тармағында қарастырылған, жеке санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмекті алу үшін қажетті құжаттар тізбесі қосымшаға с ә й к е с а н ы қ т а л с ы н .

Ұзынкөл аумағынан тыс шығару немесе өтініш берушінің қайтыс болуына байланысты Ұлы Отан соғысының қатысушыларына және мүгедектеріне тұрмыстық қажеттіліктеріне ай сайынғы әлеуметтік көмек жойылғаны анықталсын. Белгіленген оқиғалар болғаннан кейін, осы айдан келесі айға төлем қ ы с қ а р т ы л а д ы .

4. Жекелеген азаматтардың санаттарына берілетін әлеуметтік көрсету туралы комиссия ұсыныстарын ескере отырып, әлеуметтік көмекті тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы, жеке санаттағы азаматтарға біріңғай және ай сайын әлеуметтік көмек төлеу үшін өкілетті органның шешімі қабылданды деп а н ы қ т а л с ы н .

5. Әлеуметтік көмекті тағайындаудан бас тарту үшін негізі болып табылады:

1) арыз берушілермен анықсыз мәліметтерді ұсынуы;
2) осы қаулының 1 тармағына сәйкес көмек көрсетілетін азаматтардың санаттарына өтініш берушінің сәйкес келмеуі.

6. Әлеуметтік көмекті төлеу уәкілетті орган берген тізімдерге сәйкес тиісті банктік операциялар жүргізуге Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің лицензиясы бар екінші деңгейдегі банктер немесе ұйымдар арқылы әлеуметтік көмек алушының банктік есеп шотына ақшалай қаражат аударумен жүзеге а с ы р ы л а д ы .

7. Қаулының орындалуына бақылау жасау Ұзынкөл ауданы әкімінің орынбасары Э.Қ. Күзенбаевқа жүктелсін.

8. "Ұзынкөл ауданы мәслихатының 2009 жылғы 22 желтоқсандағы № 230 "

2010-2012 жылдарға арналған аудандық бюджеті туралы" шешімін іске асыру туралы" әкімдіктің 2010 жылғы 29 қаңтардағы № 57 (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 9-19-121 тіркелген, 2010 жылы 25 наурызда "Нұрлы жол" газетінде жарияланған) қаулының күші жойылсын.

9. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2011 жылдың 1 қаңтарынан туындаған іс-қимылдарға таратылады.

Ұзынкөл ауданының әкімі

Т. Ташмағамбетов

КЕЛІСІЛДІ:

"Қостанай облысы әкімдігінің
денсаулық сақтау басқармасының
"Ұзынкөл аудандық орталық ауруханасы"
мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорны, бас дәрігер
----- Қ. Ержанов

Ә к і м д і к т і ң

2011 жылғы 24 ақпандағы

№ 55 қаулысына қосымша

Жеке санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмекті тағайындау үшін қажетті құжаттар тізбесі

1. Әлеуметтік көмекті тағайындау үшін жалпы құжаттар:
әлеуметтік көмек көрсету үшін өтініш беруші тұлғаның өтініші;
өтінушінің жеке басын куәландыратын құжатының көшірмесі;
тұрғылықты жерді растайтын құжат;
салық төлеушінің куәлігінің көшірмесі;
әлеуметтік жеке кодының көшірмесі;
шоттың нөмірі белгіленген алушының банк шотының барлығын растайтын
құжаттың көшірмесі.

Арыз берушіге, белгіленген мәртебені растайтын кәмелетке толмаған балаға
заңды түрде өкілетті болатын құжаттың көшірмесі.

2. Әлеуметтік көмектің жеке түрлерін белгілеу үшін келесі қосымша
құжаттар ұсынылады:

- 1) Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне тұрмыстық қажеттіліктеріне ай сайынғы әлеуметтік көмек:
арыз берушінің әлеуметтік мәртебесін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 2) қайтыс болған жұмыссыз азаматтарды жерлеуге біржолғы әлеуметтік

қайтыс болуы туралы куәлігінің көшірмесі;
жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі өкілетті органның қайтыс болған
жұмыссыз ретінде тіркелгенің растайтын анықтамасы;
егер жерлеу отбасы мүшелерінің тұрғысынан іске асырылған болса, өтініш
иесі туыстық қатынастарды растайтын дерек ретінде құжатты табыс етеді (**т ү п н ұ с қ а с ы ,** **к ө ш і р м е с і**);

егер қайтыс болғанның жерлеуі отбасы мүшелермен емес, іске асырылған болса, өтініш иесі жол-жора қызметтерін көрсететін мекемеден алынған құжатын (түпнұсқасы, көшірмесі) ұсынады;

3) қайтыс болған кәмелетке толмаған балаларды жерлеуге біржолғы
ә л е у м е т т і к к ө м е к :

қайтыс болуы туралы куәлігінің көшірмесі;
баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі;
жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі өкілетті органның жұмыссыз ретінде
ата-ана немесе басқа заңды өкілдің тіркелгені туралы анықтамасы;

4) мәжбүрлеп емдеу аяқталғаннан кейін туберкулезге қарсы мамандарылған медициналық ұйымнан шығарылған, туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын науқастарға біржолғы әлеуметтік көмек: науқастың емделуде жүргенін растайтын сәйкесті медициналық мекеменің анықтамасы;

5) орта және жоғары білім алуына байланысты шығындардың орнын толтыру үшін халықтың әлеуметтік қорғалатын қабатына жататын, ең төмен күнкөріс деңгейдегі табысты отбасыларына жататын жастарға әлеуметтік көмек: халықтың әлеуметтік қорғалатын қабатына жататын қатынасты растайтын қ ұ ж а т т ы ң к ө ш і р м е с і ;

отбасы кірісі туралы мәліметтерді растайтын құжаттар;
сәйкесті оқу орнымен берілген оқу орнының және оқу жылына оқу төлемнің
м ө л ш е р і н р а с т а й т ы н қ ұ ж а т ;

оқу төлемін растайтын құжат төлемді өтегеннен кейін ұсынылады;

б) Жеңіс күніне Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне жеңілдік және кепілдік бойынша оларға теңестірілген тұлғаларға және Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне біржолғы әлеуметтік көмек: өтініш берушінің әлеуметтік мәртебесін растайтын құжат.

3. Құжаттарды салыстыру үшін көшірме және түпнұсқау түрінде тапсыру керек, салыстырудан кейін түпнұсқа құжаттары арыз берген күні өтінішкерге қайтарылады.

